

"Семей аймағында медициналық қызмет көрсетуді жақсарту" жобасын жүзеге асыру үшін Жапония Үкіметінің Қазақстан Республикасының Үкіметіне грант беру мәселесі бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Жапония Үкіметінің арасындағы ноталар алмасу нысанындағы келісімді бекіту туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 2001 жылғы 11 шілде N 236-II

Астанада 2001 жылғы 26 қаңтарда жасалған "Семей аймағында медициналық қызмет көрсетуді жақсарту" жобасын жүзеге асыру үшін Жапония Үкіметінің Қазақстан Республикасының Үкіметіне грант беру мәселесі бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Жапония Үкіметінің арасындағы ноталар алмасу нысанындағы келісім бекітілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

Б е й р е с м и

а у д а р м а

2000 жылғы "___" _____

Токио

Жоғары Мәртебелі,

Екі ел арасындағы достық және ынтымақтастық қарым-қатынастарды нығайту мақсатында жапониялық экономикалық ынтымақтастықты кеңейту мәселесі бойынша Жапония Үкіметінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің өкілдері арасындағы таяудағы келіссөздерді назарға ала отырып, мен Жапония Үкіметінің атынан төмендегідей ұсыныс жасауды өзіме абырой санаймын:

1. Семей аймағындағы медициналық қызмет көрсетуді жақсарту жөніндегі жобаны (бұл жерде және бұдан әрі "Жоба" деп аталады) орындауға Қазақстан Республикасы Үкіметінің үлес қосуы мақсатында Жапония Үкіметі Жапония заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметіне алты жүз қырық сегіз миллион жапон иенінің (Ү 648.000.000) жалпы сомасында грант (бұл жерде және бұдан әрі "Грант" деп аталады) б е р е д і .

2. Егер төменде аталатын кезең екі Үкіметтің уәкілетті органдарының арасындағы келісіммен ұзартылмайтын болса, Грант осы уағдаластықтардың күшіне ену кезінен бастап 2001 жылғы 31 наурызға дейінгі кезең ішінде пайдалану үшін ашық болады.

3. (1) Қазақстан Республикасының Үкіметі Грантты Жапонияның немесе Қазақстан Республикасының өндірісі өнімдерін сатып алу және төменде аталатын Жапонияның немесе Қазақстанның азаматтарының қызметін төлеу үшін ғана пайдаланатын болады: (осы Келісім мәтінінің қай тұсында кездессе де "азаматтар" термині жапон азаматтары үшін жапондық жеке тұлғалар бақылайтын жапондық жеке тұлғаларды немесе

жапондық заңды тұлғаларды және қазақстан азаматтары үшін қазақстандық жеке және заңды тұлғаларды білдіреді);

Ж о ғ а р ы М ә р т е б е л і
Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Сыртқы істер министріне

(а) Жобаның орындалуы үшін қажетті құрал-жабдықтар және оларды орнату жөніндегі қызмет көрсетулер;

(б) Жобаның орындалуы үшін қажетті көліктік құралдар және оларды сатып алу жөніндегі қызмет көрсетулер; және

(в) жоғарыда (а) және (б) тармақтарында аталған өнімдерді Қазақстан Республикасына тасымалдау үшін қажетті қызмет көрсетулер, сондай-ақ оларды елдің ішінде тасымалдау жөніндегі қызмет көрсетулер;

(2) Жоғарыда баяндалған (1) тармақшаның шартына қарамастан, жоғарыда аталған, тиісінше (1а), (1б) және (1а), (1б), (1в)-тармақшаларындағы Жапониядан немесе Қазақстан Республикасынан ерекшеленетін үшінші елдердің азаматтары өндірген және ұсынған өнімдер мен қызмет көрсетулер, осындай қажеттілік бар екендігі туралы екі елдің үкіметтерінің өзара келісімі болса, Гранттың қаражатына сатып алынуы мүмкін.

4. Қазақстан Республикасының Үкіметі немесе оның уәкілетті органы 3-тармақта аталған өнімдерді сатып алу және көрсетілген қызметтерге ақы төлеу үшін жапондық азаматтармен жапондық иенада шарттар жасасатын болады. Жапония Үкіметі шарттардың Гранттың талаптарына сәйкестігін куәландыратын болады.

5. (1) Жапония Үкіметі 4-тармаққа сәйкес куәлік алған (бұл жерде және бұдан әрі "Куәландырылған Келісім-шарттар") шарттар бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе оның уәкілетті органының міндеттемелерін жабу үшін жапондық иенада Қазақстан Республикасының Үкіметі немесе оның уәкілетті органы өкілеттік берген кез келген жапондық банкіде (бұл жерде және бұдан әрі "Банк" деп аталады) Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан ашылған есеп-шотқа төлемдер жүргізу арқылы Грант беретін болады.

(2). (1)-тармақшаға сәйкес төлемдер оларды төлеуге қатысты Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе оның уәкілетті органының хабарламасы бар Банктің талаптары Жапония Үкіметіне ұсынылған жағдайда жүзеге асырылатын болады.

(3). (1)-тармақшаға сәйкес банктік есеп-шоттың бірден-бір мақсаты жапондық иенада Жапония Үкіметінен төлемдер алу және Куәландырылған Келісім-шарттарға қатысатын жапондық азаматтармен есеп айырысуларды жүргізу болып табылады. Есеп-шот бойынша кірістің/шығыстың рәсімдік егжей-тегжейі Банк пен Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе оның уәкілетті органының арасындағы консультациялар арқылы келісілетін болады.

6. (1) Қазақстан Республикасының Үкіметі:

(а) Грантқа сәйкес сатып алынатын өнімдерді уақытылы кедендік тұрғыдан

тазалауды және оларды Қазақстан бойынша ішкі тасымалдауды қамтамасыз ету жөнiнде ;

(б) кедендік баждарға, ішкі салықтарға және Грантқа сәйкес өнімдердің жеткізіліміне және қызметтер көрсетуге қатысты Қазақстан Республикасында енгізілуі мүмкін басқа да қаржылық төлемдерден жапондық азаматтарды босату жөнінде;

(в) Куәландырылған Келісім-шарттар бойынша өнімдер жеткізіліміне және қызметтерге ақы төлеуге қатысты қызметтері талап етілуі мүмкін жапондық азаматтарға Қазақстан Республикасындағы жұмыстарының орындалуына байланысты олардың келуі және болуы үшін қажетті мүмкіндіктерді беру жөнінде;

(г) Жобаның орындалуы үшін Грант бойынша сатып алынған өнімдерді тиісті түрде және тиімділікпен күтіп ұстау мен пайдалануды қамтамасыз ету жөнінде; және

(д) Грант жабатын тізбеге енбейтін, Грантты жүзеге асыру үшін қажетті барлық шығыстардың төлемі жөнінде қажетті шаралар қабылдайды.

(2). Грант бойынша сатып алынған өнімдердің теңіз тасымалы мен теңіздік сақтандырылуына қатысты Қазақстан Республикасының Үкіметі теңіз көліктері мен сақтандыру компаниялары арасындағы адал және еркін бәсекелестікке кедергі келтіруі мүмкін кез келген шектеулерден тартынатын болады.

(3). Грант бойынша сатып алынған өнімдер Қазақстан Республикасынан қайта экспортталмайтын болады.

7. Екі Үкімет осы уағдаластықтардан туындауы немесе оған байланысты болуы мүмкін кез келген мәселелер бойынша өзара кеңесетін болады.

Мен, сондай-ақ, осы Нота және Жоғары Мәртебелі, жоғарыда аталған уағдаластықты растайтын, Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан жолданатын Сіздің жауап Нотаңыз екі Үкімет арасындағы Келісімге қол қоюмен күші бірдей деп қарау туралы ұсыныс жасауды өзіме абырой санаймын, Келісім, Жоғары Мәртебелі, Сіздің жауап берген кезіңізден бастап күшіне енеді.

Мен мүмкіндікті пайдаланып, Жоғары Мәртебелі, ең қымбат құрмет сезімімді білдірген сендірулерімді тағы да қайталаймын.

Бейресми

аударма

2000 жылғы "___" _____

Астана

Жоғары Мәртебелі,

Мен достық және ынтымақтастық қарым-қатынастарды нығайту мақсатында жапониялық экономикалық ынтымақтастықты кеңейту мәселесі бойынша Сіздің _____ жылғы "___" _____ N ___ нотаңызды алғанымды растауды және төмендегідей ұсыныстар жасауды өзіме абырой санаймын:

1. Семей аймағындағы медициналық қызмет көрсетуді жақсарту жөніндегі жобаны (бұл жерде және бұдан әрі "Жоба" деп аталады) орындауға Қазақстан Республикасы Үкіметінің үлес қосуы мақсатында Жапония Үкіметі Жапония заңнамасына сәйкес

Қазақстан Республикасының Үкіметіне алты жүз қырық сегіз миллион жапон иенінің (Ү 648.000.000) жалпы сомасында грант (бұл жерде және бұдан әрі "Грант" деп аталады) береді.

2. Егер төменде аталатын кезең екі Үкіметтің уәкілетті органдарының арасындағы келісіммен ұзартылмайтын болса, Грант осы уағдаластықтардың күшіне ену кезінен бастап 2001 жылғы 31 наурызға дейінгі кезең ішінде пайдалану үшін ашық болады.

3. (1) Қазақстан Республикасының Үкіметі Грантты Жапонияның немесе Қазақстан Республикасының өндірісі өнімдерін сатып алу және төменде аталатын Жапонияның немесе Қазақстанның азаматтарының қызметін төлеу үшін ғана пайдаланатын болады: (осы Келісім мәтінінің қай тұсында кездессе де "азаматтар" термині жапон азаматтары үшін жапондық жеке тұлғалар бақылайтын жапондық жеке тұлғаларды немесе жапондық заңды тұлғаларды және қазақстан азаматтары үшін қазақстандық жеке және заңды тұлғаларды білдіреді);

Ж о ғ а р ы М ә р т е б е л і
Ж а п о н и я н ы ң

Сыртқы істер министріне

(а) Жобаның орындалуы үшін қажетті құрал-жабдықтар және оларды орнату жөніндегі қызмет көрсетулер;

(б) Жобаның орындалуы үшін қажетті көліктік құралдар және оларды сатып алу жөніндегі қызмет көрсетулер; және

(в) жоғарыда (а) және (б) тармақтарында аталған өнімдерді Қазақстан Республикасына тасымалдау үшін қажетті қызмет көрсетулер, сондай-ақ оларды елдің ішінде тасымалдау жөніндегі қызмет көрсетулер;

(2) Жоғарыда баяндалған (1) тармақшасының шартына қарамастан, жоғарыда аталған, тиісінше (1а), (1б) және (1а), (1б), (1в)-тармақшаларындағы Жапониядан немесе Қазақстан Республикасынан ерекшеленетін үшінші елдердің азаматтары өндірген және ұсынған өнімдер мен қызмет көрсетулер, осындай қажеттілік бар екендігі туралы екі елдің үкіметтерінің өзара келісімі болса, Гранттың қаражатына с а т ы п а л ы н у ы м ү м к і н .

4. Қазақстан Республикасының Үкіметі немесе оның уәкілетті органы 3-тармақта аталған өнімдерді сатып алу және көрсетілген қызметтерге ақы төлеу үшін жапондық азаматтармен жапондық иенада шарттар жасасатын болады. Жапония Үкіметі шарттардың Гранттың талаптарына сәйкестігін куәландыратын болады.

5. (1) Жапония Үкіметі 4-тармаққа сәйкес куәлік алған (бұл жерде және бұдан әрі "Куәландырылған Келісім-шарттар") шарттар бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе оның уәкілетті органының міндеттемелерін жабу үшін жапондық иенада Қазақстан Республикасының Үкіметі немесе оның уәкілетті органы өкілеттік берген кез келген жапондық банкіде (бұл жерде және бұдан әрі "Банк" деп аталады) Қазақстан Республикасының Үкіметінің атынан ашылған есеп-шотқа төлемдер жүргізу

арқылы Грант беретін болады.

(2). (1)-тармақшаға сәйкес төлемдер оларды төлеуге қатысты Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе оның уәкілетті органының хабарламасы бар Банктің талаптары Жапония Үкіметіне ұсынылған жағдайда жүзеге асырылатын болады.

(3). (1)-тармақшаға сәйкес банктік есеп-шоттың бірден-бір мақсаты жапондық иенада Жапония Үкіметінен төлемдер алу және Куэландырылған Келісім-шарттарға қатысатын жапондық азаматтармен есеп айырысуларды жүргізу болып табылады. Есеп-шот бойынша кірістің/шығыстың рәсімдік егжей-тегжейі Банк пен Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе оның уәкілетті органының арасындағы консультациялар арқылы келісілетін болады.

6. (1) Қазақстан Республикасының Үкіметі:

(а) Грантқа сәйкес сатып алынатын өнімдерді уақытылы кедендік тұрғыдан тазалауды және оларды Қазақстан бойынша ішкі тасымалдауды қамтамасыз ету жөнinde;

(б) кедендік баждарға, ішкі салықтарға және Грантқа сәйкес өнімдердің жеткізіліміне және қызметтер көрсетуге қатысты Қазақстан Республикасында енгізілуі мүмкін басқа да қаржылық төлемдерден жапондық азаматтарды босату жөнінде;

(в) Куәландырылған Келісім-шарттар бойынша өнімдер жеткізіліміне және қызметтерге ақы төлеуге қатысты қызметтері талап етілуі мүмкін жапондық азаматтарға Қазақстан Республикасындағы жұмыстарының орындалуына байланысты олардың келуі және болуы үшін қажетті мүмкіндіктерді беру жөнінде;

(г) Жобаның орындалуы үшін Грант бойынша сатып алынған өнімдерді тиісті түрде және тиімділікпен күтіп ұстау мен пайдалануды қамтамасыз ету жөнінде; және

(д) Грант жабатын тізбеге енбейтін, Грантты жүзеге асыру үшін қажетті барлық шығыстардың төлемі жөнінде қажетті шаралар қабылдайды.

(2). Грант бойынша сатып алынған өнімдердің теңіз тасымалы мен теңіздік сақтандырылуына қатысты Қазақстан Республикасының Үкіметі теңіз көліктері мен сақтандыру компаниялары арасындағы адал және еркін бәсекелестікке кедергі келтіруі мүмкін кез келген шектеулерден тартынатын болады.

(3). Грант бойынша сатып алынған өнімдер Қазақстан Республикасынан қайта экспортталмайтын болады.

7. Екі Үкімет осы уағдаластықтардан туындауы немесе оған байланысты болуы мүмкін кез келген мәселелер бойынша өзара кеңесетін болады.

Мен, сондай-ақ, жоғарыда аталған уағдаластықтарды Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан растауды және Жоғары Мәртебелі, Сіздің Нотаңызды, сондай-ақ осы Нотаны екі Үкімет арасындағы Келісімге қол қоюмен күші бірдей деп қарауға келісім білдіруді өзіме абырой санаймын, Келісім осы жауап берілген кезден бастап күшіне енеді.

Мен мүмкіндікті пайдаланып, Жоғары Мәртебелі, ең қымбат құрмет сезімімді білдірген сендірулерімді тағы да қайталаймын.

М а м а н д а р :
Қ а с ы м б е к о в Б . А .

Икебаева Ә.Ж.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК